

2022-2023 жж.

Түркістан облысы

Қазығұрт ауданы, Қаржан елді мекені,

ЖШС «АЙСҰЛТАН» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ

Бекітемін:

«Айсұлтан» бөбекжай

балабақшасы ЖШС-і

меңгерушісі

_____ Т.Ж.Жұқабаева

10-03

Циклограмма

Тәрбиешілер: Таскулова М.

Таушаева К.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ Балапан				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	29.09	30.09	31.09	01.09	02.09
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Аквариумдағы балықтарды қоректендіру. Мақсаты: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың		"Топтың ішін ретке келтір". Мақсаты: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтарғы ойыншық және құралдардың ретсіздігін байқап,	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды тамақ ішер кезде, табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктеріне ынталандыру.

тіршілігіне қызығушылықтарын таныту.		тазалықты орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.		
"Үйшікте кім тұрады?" ("Үйшік" ертегісі желісімен) үстел ойыны. Мақсаты: балалардың сөздік қорын байыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог үйшік терезесінен ертегі кейіпкерлерінің суреттері бар суреттерді көрсетеді, балалар оларды атайды.		Көркем сөзді мәнерлеп айту жаттығуы. Мақсаты: артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; денсаулықты сақтау қағидаларына баулу. "Күнім, күнім..." Күнім, күнім, қайдасың? Түннен бері шығасың. Сенімен бірге оянамын, Жылы нұрына шомыламын. Оянамын, жаттығамын, Балабақшаға барамын. Нұрына толған алаңға Достарымды шақырамын. Д. Ахметова.	"Сикырлы суреттер" дидактикалық ойыны. Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлшектерге бөлінген суретті құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Түрлі-түсті доптар" Мақсаты. Балаларды түрлі-түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды, салуға үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы	"Сикырлы қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Мазмұны: балалар "Сикырлы қапшықтың" ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атап, түсін айтады. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Менің отбасым" Мақсаты. Балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуға үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша

				мағлұматтарын кеңейту. Саусақ жаттығуы. "Түймеше".	мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. "Отбасы мүшелерін ата" дидактикалық ойыны.
Танертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ кубиктермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, кубиктерін көрсетіп: "міне " дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол кубиктермен көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, кубиктерін көрсетіп: "міне " "міне " дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "міне" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол кубиктермен көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	"Ас адамның арқауы" Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру; орындыққа өздері отырып-тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астын дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Кемпіркөсак" ойыны. Мақсаты: ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.		"Тым-тырақай" ойыны. Мақсаты: балалардың	"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсаты: үлкен және аз	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды

	Балалар ортаға шығып түстерді айтады. Бір бала қарамай тұрып, қайсысы қандай түс айтқанын айтып береді.		шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамуы. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың ролін атқаратын болады. Ал, көнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал, тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады.	заттарды ажыратуға жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.	көңіл-күй және оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін. Алақаным арқылы Жылуымды беремін.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Жазғы ойын-сауықтар		Жазғы ойын-сауықтар	Дене шынықтыру "Қуыршақ Дана сапта тұр" Мақсаты. Балаларды сапка бір-бірден және бірінің артынан бірі	Дене шынықтыру "Әдемі сап түзейміз!" Мақсаты. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп жүру, педагогтің белгі беруі бойынша

				тұрып жүруге, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде кимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру, 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына үйрету. "Допты дәлдеп лақтыр" кимылды ойыны.	аяқтың ұшымен жүріп, жай қалыпка түсу, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп келе жатып, жай жүріске ауысу және тізені жоғары көтеріп, денені тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту, бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату іскерліктерін жетілдіру; допты домалату (1,5-2 м қашықтықта аяқты алшақ ұстап отырып) жаттығуларын орындау; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын ояту. "Қай жануар қалай секіреді?" пысықтау ойыны.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Көлеңкені бақылау. Максаты: көлеңке құбылысына қызығушылықты ояту; көлеңкенің жарық, күнмен тікелей байланысын көрсету; байқағыштыққа тәрбиелеу; жағымды		Аула құстарын бақылау. Көркем сөз Торғай, торғай тоқылдақ, Жерден тары шоқып-ап Бөтегесі томпынып Шик-шик етіп отырар. Торғай-торғай тоқтаған, Торғайды торғай	Күнді бақылауды жалғастыру. Максаты: серуендеуге, күнге деген қызығушылықты ынталандыру. Күннің кешке төмендеу түсетінін көрсету, күннің салқындау болғанын	Аспанды бақылау. Максаты: балаларға аспанның әсемдігін көруге бейімдеу; қадағалау барысында бұлтты ажырата білу, аспан бұлтты, бұлтсыз екенін бақат, бұлттың қозғалысы және өзгерісі

эмоцияларды дамыту. Педагог көлеңкенің тек күн (жарық) түскенде пайда болатынын көрсетіп, түсіндіреді. Абай Құнанбайұлы Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса; Күнді уақыт қызартып, Көк жиектен асырса... Іс-тәжірибеде балаларға ұнаған қимылдарды жасатып, көлеңкенің айнадай тура сол қимылдарды қайталайтынын, көлеңкенің тек кара, сұр түсті екенін байқату. Еңбек әрекеті: қурап түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: балалардың карапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. "Үрпек төбет" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бұзбай ойнауға баулу; бір бағытта, бірін-бірін қақпай, жеделдеп жүгіруге жаттықтыру;	мақтаған. Бір торғай ұшса боранда, Бәрі жабылып жоқтаған. - Балалар, біз бақылаған құс қалай аталады? - Бұл құс немен қоректенеді? Қайда мекендейді? Бұл құстың адамға деген пайдасы бар ма? "Құстар және түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір жерге жиналуға дағдыландыру; ойын барысында кейіпкерлердің рөлін аяғына шейін сомдауға, бір-біріне соғылмай қимылдауға, ережені бұзбауға жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Түлкіні" санамақ арқылы тандап алуға болады. Ойын барысында балалардың алаңда секіру, жүгіруді	сезінуге шақыру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Шарты: балалар күн дегенде барлығы қыдыруға шығады. Ал «жаңбыр» дегенде ашқан қолшатырдың айналасына жиналады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек тапсырмасы: ойын аяқталғаннан кейін барлық заттарды	жөнінде бақылағанда қадағалауды дамыту; табиғаттың әсемдігін тамашалауға тәрбиелеу. Ашық аспанда бұлтты байқау жеңілрек, оның баяу қозғалатынын, бірте-бірте көбейіп, өзінің түрін өзгертетінін, мақтаға ұқсайтын массаға айналатынын, немесе, керісінше, азайып және еритінін атап өтуге болады. Жұмбақ Көзі жасты – жылауық, келе жатыр бір алып. Жабыркаса, жылайды, жадыраса құлайды. (Бұлт.) Тақпақ - Аксын, сұрсын, карасың, Қайда қалқып барасың? - Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! - Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет. "Не жөнінде айтылады?" ойыны. Мақсаты: сипатты белгісі бойынша табиғат
--	--	--	---

ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалардың біреуі төбетті бейнелейді, ол кілем үстінде жатады, басын алға созылған қолымен аяғына қояды. Қалған балалар жай ғана оған жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Әнеки жалбыр төбет жатыр сұлық. Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Момақан, сырты пішіні жуас салғырт. Ояталық жақындап барайық та, Қайтер екен содан соң – қарайық та. Төбет орнынан ұшып тұрып үре бастайды. Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі. Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады. Төбет қайтадан кілемге жатады. Ойын жана бастаушымен қайта басталады.	мүмкіндіктері қалағаланады. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еңбек әрекеті: қол өнері сабақтарына табиғи материалдарды жинау. Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына машықтандыру. Балалардың еркін ойындары.	жинастыру. Мақсаты: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.	құбылысын шеше білуге машықтандару (жарқырайды, аспан, бұлыңғыр найзағай ойнайды). "Дөңгелек лапта" қимылды ойыны. Мақсаты: екі топқа бөліне білуге үйрету, ойыншыларға допты лақтыру, ойын тәртібін (сызықты баспай) сақтай отырып, қозғалыс тепе-теңдігін дамыту. Еңбек әрекеті: қурап қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсаты: балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. Балалардың еркін ойыны. Мақсаты: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету.
---	---	---	---

	"Теректей биік болып өсейік" жаттығуы. Максаты: балаларды бір бағытта аяқ ұшына тұрып, теңе-теңдікті сақтап, жүруге дағдыландыру; жүруде қолдарды жоғары көтеріп, аяқты өкшеге баспай жүре білу қабілетін дамыту. Балалардың еркін ойындары.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу. - Аспазымыз не дайындапты?				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. "Ұйықташы, қозым". Д. Ахметова. Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің. Ұйқың тәтті болсын, Денең қуатқа толсын.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға деген қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға. Женімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Укалайық, сипалайық.				

	Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	"Сөз ойла, тез ойла" ойыны. Мақсаты: дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру, тілдерін дамыту. Құралдар: әртүрлі дыбыстар жазылған ұнтаспа, дыбыстар иелерінің суреттері Ойын барысы. Тәрбиеші бір дыбысты тыңдатады. Балалар сол дыбысты және ненің дыбысы екенін ажырату қажет. "Автобус" сюжетті-рольдік ойыны. Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар: Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі		"Қуыршақты серуенге шығарайық" ойыны. Мақсаты: балалардың киім-кешек және киіну тәртібі туралы білімдерін бекіту және нақтылау. Сөздік қорларын байыту. "Мозанка", "Басқатырғыш" үстел ойындары. Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. "Ойыншықтарды жөңдейміз" рольдік ойыны. Мақсаты: балалардың ойыншықтар жайындағы түсініктерін тиянақтау; шығармашылықпен ойлану, ұсақ қол моторикасын дамыту; заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру. Құралдар: құрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері салынатын пластик қуыршақтар, лево	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Ойыншықтармен танысу" Мақсаты. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуге үйрету. "Сандықтарды жинайық" зерттеу жаттығуы. Сюжеттік ойыншықтармен ойнау. Ертегі оқу. Үстел-үсті театры. "Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары арқылы дидактикалық ойындар ойнату.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Ойыншықтарды жинайық" Мақсаты. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және санын анықтау дағдыларын қалыптастыру; зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Текшелерді түстеріне қарай жина". Құрастырудан ойын-жаттығу. "Балабақша - біздің үйіміз" Мақсаты. Балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу

	катармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақнамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады; жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.		ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар). Педагог балаларға шеберлердің рөлін атқаруды ұсынады. Шебер болғысы келмейтін балалар сынық ойыншықтарын "шеберлерге" әкеледі, "шеберлер" сынық ойыншықты зерттеп, жөндейді.		принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай, қоюға үйрету; достық туралы ұғым беру. "Балабақшаны қалайық" іс-тәжірибе жаттығуы.
Балалармен жеке жұмыс	Тіл ұстарту: "Кім не істейді?"		Жұмбақтар, ертегілер, аңыздар оқу. Халық	"Тап та, атын ата" дидактикалық ойыны.	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны.

	Тасшы тас қалады, Басшы басқарады. Досшыл – дос табады, Қасшыл – қас табады. Төсшіл – төс қағады, Асшыл – ас бағады. Басшіл – бастеседі, Мәсшіл – мәс теседі.		ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Мақсаты: түстерді қабылдауларын және қол саусақ моторикаларын дамыту.	Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру, серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жанғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (3-6 бөлік). Логикалық ойындар Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Артикуляциялық жаттығулар. Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: 1/2 мөлшері әуеннің ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу. Еркін ойындар				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.				

Тек: 

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ Балапан				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.09-09.09.2022ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	05.09	06.09	07.09	08.09	09.09
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау, балаларға жағымды орта туғызу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: отбасылық дәстүрлер туралы, баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабақшадағы достарымен қарым-қатынасы, тамақтану және ұйықтау әдебі жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Максаты. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, кадрлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Максаты. Балаларды балабақшадағы ойын бұрышында кезекшілікті атқару іскерліктерін жетілдіру.	"Еңбекке баулу" Максаты. Балаларға белгіленген рет бойынша киініп-шешіну дағдыларын меңгеруге, бөтенкесінің бауын байлау, түймелерін салу, киімдерін іліп немесе	"Еңбекке баулу" Максаты. Балаларды топ бөлмесінде реттілікті сақтауға үйрету: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмауды үйрету.	"Еңбекке баулу" Максаты. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен

		ұқыптылықпен бүктеп қоюға, үлкендердің көмегімен киімін дер кезінде ретке келтіруге / тазалау, келтіру т.б/ іскерліктерін дамыту.		ұстауды т.б. естеріне салып отыру.
"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Максаты. Педагог үстелдің үстіне бірнеше зат қояды. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады.	"Шатаспай есте сақта" үстел үсті ойыны. Максаты. Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, этеш т.б.) Педагог: -Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдындағы суреттерге қарап, мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты таңдап ал да, оны бөлек жерге қой", - деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Балалар алдындағы суреттен таңдаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала педагог айтқан сөзді қайталап, өз	"Сәлем" саусақ жаттығуы. Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды). Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды). Тіпті "сәлем" - деймін мен ("қанаттарын" екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады). Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша "күн" жасайды). - Сәлемет пе, (екі қолды жоғары созып, аспанды көрсетеді) Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді). - Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол	Саямақтар айтқызу. Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ, Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің ... Нешеу болды қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ-балапанын. (М. Қуанышбеков)	"Өрмекші" саусақ жаттығуы. Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы), Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады), Нәсер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақанын үстінен тез «сырганап түседі»), Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды), Күн шықты қайта жарқырап (екі қол

		заттарының ішінен байланыстыратын суретті алып, есінде сақтауы қажет.	бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды). Нұрлы аспан көкпенбек! (оң жаққа оң қолын жаяды) - Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды). Самал жел желпіген (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстап оңға және солға кезектестіре шайқайды). - Сәлемет пе, (бастарын шайқайды) Кішкентай түбіртек! Сәлем, таң жана атқан! Сәлем, күн арайлы! Сәлемге еріну! Бізде өсте болмайды.	алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі), Құрғады тез-ақ төнірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады), Өрмекші өрмек тоқуға Кірісті, дереу, тезірек.
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ кубиктермен) 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдына созып, алақандарын ашып, кубиктерін көрсетіп: "міне" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол кубиктермен көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, кубиктерін көрсетіп: "міне" "міне" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "міне" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).			

	4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол кубиктермен көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады).				
Таңғы ас	"Ас адамның арқауы" Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру; орындыққа өздері отырып-тұру; тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, майлықты қолдану керектігін еске түсіру; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Менің отбасым" тақырыбында балалармен әңгімелесу. "Отбасы" тақырыбында сюжетті суреттер көру. Суретке байланысты сұрақтар қою.	"Отбасындағы сыйластық" әңгімелесу. Мақсаты. "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында балаларға сұрақтар қою және сұрақтарға толық жауапты талап ету.	Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрғанымды қалайды.	"Менің ең жақын досым - менің анам" әңгімелесу. Мақсаты. "Менің ең жақын досым - менің анам" тақырыбында балалармен әңгімелесу. Сөздік қорларын молайту.	"Менің отбасым" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты. "Менің отбасым" тақырыбында, отбасы мүшелеріне байланысты жұмбақтар қою. Жұмбақтардың жауабын үш тілде айтқызу. Суреттерді сипаттау.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Сапқа тұрайық" Мақсаты. Балаларды сап түзеп тізесін жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-	Дене шынықтыру "Бауырсақпен шеңберге тұру" Мақсаты. Балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп	Музыка "Ойыншықтар" Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты	Дене шынықтыру "Шеңберге өз еркімен тұрамыз" Мақсаты. Балаларды музыка әуенімен бірінін артынан бірі шеңбер жасап жүру, педагогтің белгі беруі бойынша аяқтың ұшымен жүру және жай қалыпқа түсіп, тез ойнаған музыка әуенімен жүгіру, жүгіріп	Көркем әдебиетпен ойын-жаттығу. "Мұрагер" Мақсаты. Балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі

	біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын бекіту. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.	домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету. "Допты дәлдеп лақтыр" қимылды ойыны.	қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру, әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен	келе жатып, жай жүріске түсу және тізені жоғары көтеріп, денелерін тік ұстап жүру іскерліктерін дамыту; ұзындыққа екі аяғымен секіру және 2-топ - бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату іскерліктерін жетілдіру; қимыл ойыны арқылы допты белгілі бір бағытта домалату іскерліктерін бекіту. "Шеңбердегі доп" қимылды ойыны	туралы мағлұматтар бере отырып, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. "Кіші ұлдың асыл бұйымын тап" ойын рефлексиясы.
--	--	---	---	---	---

			белсенділіктерін арттыру. "Ұшты-ұшты" ойыны.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын танбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Жерде жатқан жапырақтарды бақылау. Максаты: балалардың жапырақтар туралы білімдерін бекіту, сұрақ-жауап арқылы сөздік қорларын молайту, ойлау, қиялдау қабілеттерін арттыру; табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (гүл тұқымын жинау). Максаты: жұмысты бірігіп орындауға деген ұмтылысты дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аттар" Максаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. Ауа райын бақылау. Максаты: өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек (көкөністерді жинауға арналған ұжымдық еңбек). Максаты: бірлесіп жұмыс жасауды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қияр, қияр". Максаты: белгі бойынша әрекеттерді жылдам орындауды үйрету; қимылдарды үйлестіруді, лақтыруға күш беру	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. Торғайларды бақылау. Максаты: торғайдың ерекшеліктері, тіршілік көріністері туралы білімдерін тереңдету; балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек (қызылшаны жинау). Максаты: жұмыс істеуге дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге ынталандыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен мысық", "Қарғалар" (мөлшері 2-3рет). Максаты: балалардың	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Қайың ағашын бақылау. Максаты: қайың ағашының белгілерін атау, оны басқа ағаштардан ажырату; ағаштың сұлулығына тамсануға деген ұмтылысты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (көкөністерді жинау). Максаты: ұжымдық жұмыс істеуге үйрету, топпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қояндар мен қасқыр". Максаты: балалардың физикалық белсенділігін	Балалардың шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін, балалардың жыл мезгіліне сай киінулерін қадағалау. Иттерді бақылау. Максаты: иттердің пайда болуы туралы түсінік қалыптастыру, үй жануарына күтім жасау қажеттілігін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бұршіктер мен жапырақтарды жинау). Максаты: қарпайым тапсырмаларды орындау іскерліктерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қоймадағы тышқандар". Максаты: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық

дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; "Ер қанаты - ат" деген ұғымды қалыптастыру; жарысып ойнауға. Барысы: балалар алаңда екі топқа бөлінеді. Үлкен шеңбер сызып, ортасында жалауша болады. Осы жалаушаны екі топ өзара жарысып, белгіленген жерге жеткізу керек. Қай топ бірінші жеткізеді сол топ жеңіске жетеді. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	қабілетін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралыптастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	дамытуды жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтарына қарай ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.	еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру; ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру; ұжымда ойнауға тәрбиелеу. Барысы: алаңның ортасына 8-10 см арақашықтықта екі бірдей сызық сызылады. Алаңның шеттерінде 1-2 алым қашықтықта мысықтың үйі сызылады. Ойыншылар мысықты тандап алады. Қалғандары тышқандар болады. Тышқандар қоймадағы дәндерді жинауға келе жатады. Ал мысық осы кезде оларды ұстауға тырысады. Ұстап алған тышқанды "мысық" үйіне апарды. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар. Мақсаты: қызығушылықтары
---	---	---	---	--

					бойынша ойын тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру.
Серуениен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтенкесін белгілі ретпен шешуі; киімді жүйелі түрде шешінуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу; сабынды көбік пайда болғанша көпіртіп, қолдарын жақсылап жуып-шаю; беттерін жуу, беттерін және қолдарын сүлгімен құрғату.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; шанышқыны саусақпен және ортанғы саусақтармен ұстау қабілетін жақсарту үшін, жоғарғы бөлігін сұқ саусақтарымен ұстап отырып, қолдарындағы шанышқының орнын өзгертпестен, қолды ғана сал айналдыру іскерліктеріне үйрету.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте бірден жаттығу жасау, төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан ояңған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары ояңған кезде қосылады). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту, тамақтану мәдениетіне баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары." Мақсаты. Балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуге үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Дуал" Мақсаты. Балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішіні бойымен тіке және көлденең сызықтарды айкастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру.	Математика негіздері "Әженің көмекшілері" Мақсаты. Балаларда "көп", "біреу", "бір-бірден", "бірте-біреуі жоқ" деген ұғымдар туралы түсінік қалыптастыру; отбасы жөніндегі түсінікті тиянақтау. Балаларды бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын	Мүсіндеу "Әжем пісірген тәттілер" Мақсаты. Балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету, дөңгелектеу және тік есу мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру;	Вариативті компонент/Әлеумет "Отбасы" ойыны Мақсаты. Балалардың "Отбасы" ойыны арқылы шығармашылықтарын шыңдау; отбасы туралы түсініктерін кеңейту; әр отбасы мүшесінің атқаратын ісі мен рөлі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру;